

Жеңіс ӘБІЛДАЕВ

(Алматы)

**ТҮРІК ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ "ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ"
КЕЗЕҢІНІҢ ТІЛІ**

В данной статье рассматривается вопрос развития турецкого литературного языка эпохи "Национальной литературы" и роль литературного движения "Генч калемлер".

Bu makalede "Milli Edebiyat" zamanındaki Türk dilinin gelişme sorunları ve "Genç Kalemler" edebi hareketinin rolü ele alınmaktadır.

XX ғасырдың алғашқы жартысында түрік әдебиеті тарихында "Ұлттық әдебиет" деп аталатын кезеңнің түрік әдеби тілін қалыптастыруда алар орны зор. Ұлттық әдебиет кезеңі жалпы, шартты түрде 1911-1923 жылдар аралығын, яғни Республикалық Түркия құрылғанға дейінгі аралықты қамтиды. Әйтпесе, мұнда көтерілген ұлтшылдық пен түрік тілі туралы мәселе сонау классикалық Диван әдебиеті кезеңіндегі "Түрки-и басит" (XV-XVI ғ.ғ.) деп аталатын әдеби ағымнан бастау алып, Танзимат кезеңінде шын мәніндегі қоғамдық һәм ұлттық мәселе болып көтерілген еді.

Мәселе алты ғасыр бойы Осман империясының ресми тілі болған османшаның қарапайым халықтан алшақтап, түсініксіз халге жеткендігі. Осман тілі – түрік, араб және парсы тілдерінің қосындысынан пайда болған. Бұл тілге қандай айдар тағылмады десеңізші! Оны ресми тіл, сарай тілі, зиялы қауым тілі, поэзия тілі деп те атаған. "Таңдаулы топқа арналған поэзия тілін (османша) – дейді,- Сервет-и фүнун әдебиетінің өкілі, ақын Тевфик Фикрет, - жай халықтың түсінгенінен пайда жоқ, керісінше зияны көп болады",- деп астамшыл мінез танытқаны да осман тілін қолдағанынан болса керек [1]. Ал, Танзимат өкілі "отандық ақын" деген атпен әйгілі болған Намык Кемал: "Жаңа әдебиет халыққа бет бұруы қажет, беделді біреулерге қызмет еткенше халықтың дертін, қайғы-мұңын жеткізсін. Сондықтан халыққа үн қататын қарапайым тіл қажет. Әдеби тіл – халықтың тілі болуы керек. Өйткені тіл мен әдебиеттің кемшілігінен халық сауатсыз болып жатыр. Үлгілі әдебиет – ұлттық бірліктің тұғыры", – деп [2] түрік тілінің шын жанашыры екендігін көрсете отырып, осман тілінің қарапайым жағдайға жетуіне, түсінікті тілге айналуына сүбелі үлес қосты.

XIX ғасырда Осман империясының саяси-экономикалық тұрғыдан әлсіреуі оның XX ғасырда ыдырауына әкеліп соқты. Шетел басқыншылары империяны ыдыратып қана қоймай, түрік халқын да езіп-жаншуға бар күштерін салды. Алайда, рухы биік түрік халқы ұлы Ататүріктің бастауымен жан-жақтан анталап енген басқыншыларға қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шығып, жеңіс туын желбіретті. Сөйтіп, жаңа Түркия Республикасы құрылды. Осы ұлт-азаттық көтеріліс (Kurtuluş Savaşı) пен ұлттық күресті (Milli

Macadele) қолдау кезінде жазылған шығармалар "ұлттық әдебиет" атауын тудырды.

Ұлттық әдебиет кезеңінде түрік тілінің ескіліктен құтылып, заманына сай қарапайым да, түсінікті тілге, яғни халықтық тілге жетуіне "Генч калемлер" (Жас каламгерлер) деп аталатын әдеби топтың қосқан үлесі орасан, тіпті негізгісі десекте болғандай. Түрік ақын-жазушыларының басым көпшілігі түрік тілінің қазіргі саф түрікшеге жетуіндегі ерекше еңбекті осы ұйымның үлесіне тайға таңба басқандай белгілеп берді. Шынында да, Республикалық кезеңнен кейін басталған "тіл төңкерісі" деп аталатын жаңа тіл реформасына Генч калемлер ұсыныстары негіз болған. Сөйтіп, Генч калемлер қандай топ, оның түрік тіліне қосқан үлестің ара салмағы қандай дәрежеде, нендей ұсыныстармен белгілі болды деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

О баста Генч калемлер – бір журналдың аты болған. Ол журнал 1910 жылдан бастап Салоники қаласында шығып тұрған. Оның бас редакторы белгілі публицист Әли Жәніп Йөнтемі еді. Ал редакция алқасында белгілі каламгер, әңгіме жанрының атасы, көсемсөз шебері Өмер Сейфеддин мен ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, әдебиетші һәм философ Зия Көкалып болды.

Генч калемлер қозғалысы - Өмер Сейфеддиннің Әли Жәніпке жазған бір хатында: "Келіңіз, Жәніп мырза, әдебиет пен тілде төңкеріс жасайық", - деген [3] ұсынысынан саналы түрде бастау алады. Зия Көкалып бұл топты өзінің әлеуметтік көзқарастарына сай деп тауып, қолдауға тырысады.

Осылайша, Генч калемлерден негіз алған тілдегі түрікшілдік шартты түрде екі кезеңде өрбіді десек болғандай. Олар:

- 1) 1911-1945 жылдар аралығындағы "саделешме", яки қарапайымдану;
- 2) 1945-тен қазірге дейінгі "өзлешме" немесе "тасфиеджилик", яки бастапқы қалыпқа ену немесе пуризм [4].

Танзиматшылардың түрік тілі туралы көзқарастары белгілі. Олардың ішінде айрықша Шамседдин Сами 1880 жылы "Хафта" журналында таза тіл туралы онды пікірлер білдірген. Осы кезден 1908-ге дейінгі 28 жыл ішінде түрікше мен османша арасындағы тартыс өрши түсті. Алайда, жылдар өте "таза тіл" пікірі біраз да болса мойындала бастады. Сервет-и фүнун өкілдерінің тым көркем тілге асқан шеберлікпен бет бұрулары қарапайым тілдің ағысына бөгет бола алмады. 1908 жылы Конституциялық билік біраз ойдың бетін ашқан-ды. Сондықтан, қолдан келгенше бұқара халыққа үн кату пікірі зиялы қауым арасында өзекті мәселеге айналды. Түрлі көзқарастағы газет-журналдардың тілі өздігінен қарапайым тілге бағыттала берді. Міне, осы кезде түрікшеленуді ғылыми тақырыпқа айналдырып, таза тілді нақты ережелерге негіздеуді көздеген журналдар мен топтар белең алды. Олардың арасында Генч калемлер жаңа тіл (Yeni Lisan) мәселесінің көшбасында тұрды.

1910 жылы "Иттихад ве теракки" (Бірлік және даму) фракциясының бас басқармасы мүшесі ретінде Салоникиге барып, осы топқа қосылған Зия

Көкалып жаңа тіл жақтаушыларының атқарып жатқан істерін былайша түсіндіреді: "Сол кезде Салоникиде Генч калемлер дейтін журнал шығып тұратын. Журналдың бас редакторы Әли Жәніп мырзамен бір күні Беяз куле бакшасында әңгімелесудің сәті түсті. Бұл жігіт маған өз журналының тіл тазалығын қолдау үшін күрес жүргізіп жатқандығын, ал Өмер Сейфеддин оның жетекшісі екендігін айтты. Өмер Сейфеддиннің тіл туралы пікірлері түп-тұқиянына шейін менің көзқарастарыма дөп келген еді. Жас кезімде Ташкышла дейтін жерде тұтқында жатқанымда әскерилердің мұлазим-и еввелге (кіші лейтенант) еввел мұлазим, мұлазим-и саниге (аға лейтенант) сани мұлазим, Траблусгарбка - Гарб траблусы, Траблусшамға - Шам траблусы деулері менің мына бір ойға келуіме түрткі болды: түрік тілін тазарту үшін тілдегі барлық арабша, парсыша сөздерді емес, жалпы араб-парсы ережелерін толығымен алып тастау, арабша-парсыша сөздердің түрікше баламасы болса, олардан бас тартып, ал түрікшесі болмаса қалдыру"[5].

Генч калемлердің жаңа тіл туралы көзқарастарын Өмер Сейфеддин мен Зия Көкалып анықтап берген. Олардың негізі мынадай:

1. Ұлттық тілді қалыптастыру үшін осман тілін еш болмағандай бір жаққа ысырып тастап, халық әдебиетінің негізгі тірегі – түрік тілін сол қалпында қабылдау, Стамбұл халқының, айрықша Стамбұл ханымдарының қолданып жүрген тілін жазба тілге енгізу;

2. Халық тілінде синонимі бар араб-парсы сөздерін шығарып тастау, синонимі табылмаған, кішігірім нюансы бар сөздерді қалдыру;

3. Халық тіліне енген, сөйтіп пішін мен мағына жағынан өзгеріске ұшыраған, алайда қате айтылатын кірме сөздердің сол тілдегі негізін емес, халық қолданып жүрген формасын түрікше деп қабылдай отырып, қалай айтылса солай жазу. Мысалы: "fenar " деудің орнына fener, "nerdüban" деудің орнына merdiven, "hase" деудің орнына hosa секілді;

4. Көне түрік архаизмдерін тірілтуге ұрынбау. Мысалы: "hasta" деудің орнына "sayrı", "auna" деуге "görgü" сөзін қолданбау;

5. Жаңа терминдер жасау керек болған жағдайда, мұны алдымен халық тілінен іздеу, баламасы табылмаса түрік тілінің сөз тудырушы жұрнақтарымен жаңа сөз жасау. Мұндай мүмкіншілік болмаған күйдің өзінде араб-парсы тілінен (тілдік бояуы тым биік болмау шартымен) жаңа сөздер алу. Заманына сай кейбір кәсіби сөздер мен техникаға қатысты құрал-жабдық атауларын сол тілден өзгертпестен енгізу;

6. Түрік тіліндегі араб-парсы ықпалын біржолата бәсеңдетіп, осы тілдердегі сөз тіркестері (изафет) мен рай формаларын қабылдамау;

7. Түрік халқы білетін және қолданатын әр сөз түрікше деп есептелсін. Халық қолданысқа толық лайық, жасанды емес деп тапқан әр сөз "ұлттық" деп саналсын. Халық тілі – сөздердің өлі түбірінен емес, жанды қолданысынан пайда болған ағза;

8. Түрік тіліндегі көптік шылауынан басқа ешқандай тілдегі көптік шылауы қолданылмасын. "Амма, кешке, henüz, уanı" секілді тұрмыстық тілге

еніп, қалыптасып қалғандарынан басқа, барлық кірме шылаулар тілден шығарылып тасталсын;

9. Стамбұл түрікшесінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалогиялық ережелер жаңа түрік тілінің негізі болғандықтан, өзге түркі тілдерінен ешқандай сөз, сөз тіркестері немесе шылау формалары енгізілмейді;

10. Сөздердің семантикасы олардың анықтамасы немесе түсініктемесі емес, белгі-ишараты болып табылады. Сөз мағыналары олардың түбірін білумен анықталмайды.

Мінеки, Генч калемлердің көзқарастары, осындай ұстаныммен жазған еңбектері түрік прозасына жаңа стиль әкелді. Осы күннен бастап ақын-жазушылар түрік тіліне өзге тілдерден енген ережелерді біртіндеп, бірақ нақты түрде ығыстыра бастады. Шығарма жазу үстінде түрікше сөздерді іздеу, қажеттілік тумағанша араб-парсы сөздерін қолданбауға әуестене түсті. Зия Көкалыптың: "Өзге тілге сай емес ана үні, әр сөздің іздесең бар түрікшесі"-деуі, сол дәуірдің және кейінгі ақын-жазушылардың да бұлтартпас қағидасына айналған-ды [6].

Жаңа тіл қозғалысына теперіш көрсеткен Сервет-и фүнун өкілдерінің өзі, уақыт өте, шығармаларын төл түрікшеге аудару қажеттілігін түсінген еді. Ал, Танзимат әдебиеті өкілі Зия Паша сонау 1868 жылы Лондонда шығып тұрған "Хүррийет" газетіне жариялаған "Поэзия және проза" (Şiir ve İnşa) атты мақаласында: "Бір күні сұраныс төл түрікшеге бағыт алған кезде ғажайып ақын-жазушылардың шыққанын көрерсіз. Сол кезде ақылыңыздан адасып, таң қаларсыз",- деген көрегендігі араға 15-20 жыл салып, жүзеге асқан болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түрік әдебиеті, А.Кабаклы, 341-бет, 3-том, Стам.-1994.
2. Сонда, 50-бет.
3. Сонда, 336-бет.
4. Түрік әдебиеті, том-1, 254-бет.
5. Сонда, 255-бет.
6. Сонда, 256-бет.